

Толғауы тоқсан қызыл тіл

Танымдық – зияткерлік сайыс
(Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл)

Сайыстың мақсаты:

білімділік: Абай шығармашылығынан алған білімдерін шыңдай отырып, өлеңдері мен қарасөздерінің мазмұнын меңгертуге, мағынасын аша білуге, мәнерлеп жатқа айтуға, талдауға бейімдеу;

Дамытушылық: Оқушылардың тіл байлығын, ой өрісін, өз ойын айтуға, көркемдеп еркін сөйлеуге дағдыландыру, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту;

Тәрбиелік: Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, адамгершілікке, асыл қасиеттерге тәрбиелеу інің қадір-қасиетін ұғындыру.

- I тур. Ой анықтау.
- II тур. Ой зерделеу.
- III тур. Ой жалғау.
- IV тур. Ой іздену.
- V тур. Поэзия- жүрек тілі.

1- тур. Ой анықтау .Топ ойыншылары сұрақтарға жауап береді.

«Жүрек» тобының сұрақтары:

1. Абай Құнанбайұлы қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
2. Абайдың мұражайы қай жерде?
3. Абайдың поэмасын ата.
4. Абай ең алғаш дәріс алған татар молдасы?
5. Абай алғашқы өлеңдерін кімнің атынан жариялап отырды?
6. Абайдың жолын қуған ұлдары?
7. Биыл Абайдың неше жылдығы ?
8. Абай өлеңдері алғаш кімнің қолжазбалары түрінде тарады?
9. Абайдың қанша әні бар?
10. Абай жақсы көрген кәсіп?

«Ақыл» тобының сұрақтары:

11. 70 жасқа толған Құнанбай Меккеге барып, сол жерде өз ақшасына тәуіп етуге келген адамдар үшін үй салдырған. Ол қалай аталды?
12. Абай кімдердің шығармаларын аударды?
13. Абайдың руы.
14. Абай жақсы көрген ұлттық ойын.
15. Абайдың табиғат тақырыбындағы тұңғыш өлеңі?
16. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы қай жылы, қай жерде басылып шықты?
17. Абай ел билеу ісіне неше жасынан бастап араласты?
18. Ақын неше жыл өмір сүрген?
19. 1870 жылы Семей кітапханасында жүріп, Петербургтен жер аударылып келген төңкерісшілмен танысады. Ол кім?
20. Абай ақындық жолға қай жылы біржола бет бұрады?

II тур. Ой зерделеу.

1. Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
.....
2. Үш - ақ нәрсе адамның қасиеті.
.....
3. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
.....
4. Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
.....
5. Досы жоқпен сырлас,
.....

1.Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,

.....

2. Ақырын жүріп, анық бас. Еңбегің кетпес далаға.

.....

3. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

.....


4. Толғауы тоқсан қызыл тіл,

.....

5.Еңбек етсең ерінбей,

.....

III тур. Ой жалғау. Өлеңді жалғастырып айт



Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Құлақтың кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй.

• Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;